"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 13-02-26
"09" 01 2026 ж.

**МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының 2025 жылғы 03 қаңтар күнгі №01-1/001 санды шығыс хатына сәйкес ІІ Республикалық **«Қыс ғажайыптары»** атты онлайн сурет байқауын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 2 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының**
**білім бөлімінің басшысының**
**міндетін атқарушы** **Б.Самылтыров**

*Орындаған:Н.Дархамбекова*
*Тел:2-14-10*

ЖАҢА QAZAQSTAN
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ҰЙЫМЫ

*№01-1/001* *3 қаңтар 2025 жыл*

**Білім басқармалары**
**Білім бөлімдері**
**Мектеп және балабақша басшыларына**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды даярлық сыныптары және бастауыш сынып оқушылары арасында ІІ Республикалық **«Қыс ғажайыптары»** атты онлайн сурет байқауы өтетіндігін хабарлайды. Байқауға қатысу үшін **жұмыстар 2025 жылғы 1 ақпанға дейін қабылданады**. Байқау қорытындысы 10 ақпан күні жолданады.

### БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

Байқауға балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды даярлық сыныптарының және бастауыш сынып оқушылары қатыса алады.

**Байқаудың өткізілу мақсаты:** жас өрендерді шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани жетілуіне әсер ету; өнерлерін шыңдап, белсенділіктерін арттыру; оқушылардың сурет салуға деген ынтасын ашып, қабілеттерін шыңдау.

**Байқауға қатысу шарттары**

- Байқауға қатысу ***ерікті түрде*** жүргізіледі.
- Қатысушылар қыс мезгілі тақырыбында сурет салып, салынған суретті фотоға түсіріп kys-gajaby@mail.ru электронды почтасына жібереді.
- Жіберілген жұмыстар әділқазы алқасы мүшелері тарапынан тексеріліп, I, II, III дәрежелі жүлделі орындармен марапатталады. Жетекшілерге алғыс табысталады. 5 және одан көп қатысушы дайындаған жетекшілерге арнайы құрмет грамотасы беріледі. Дипломдар мен алғыс хаттар, құрмет грамоталары сұраныста көрсетілген электронды почталарға электронды сілтеме түрінде жолданады.
- Байқауға 20 және одан көп бала дайындап қатыстырған жетекшілерге ұйым атынан «Жаңашыл ұстаз» төсбелгісі беріледі.
- Байқауға қатысу жарнасы **800 (сегіз жүз) теңге.**
- **Бір қатысушы бір жұмыс қана жолдай алады.**
- Қатысу үшін төмендегі сұраныс толтырылып, салынған суреттің фотосын және төлем түбіртегін бірге kys-gajaby@mail.ru электронды адресіне жіберілуі керек.

ЖТ-2025-0000395
08.01.2025.

- Бірнеше қатысушы жолдайтын жағдайда барлығына бір сұраныс толтырылады және барлығының жұмыстары бірге жолданады.

***Байқауға қатысушылар арасында белсенділік үшін жинақтау бонусы:*** Әрбір қатысушы жыл соңында белсенділік үшін берілетін жүлдеге ие бола алады. Жалпы жүлде қоры 1 000 000 теңге (Apple IPad, Apple IPhone, шетелге демалыс сертификаттары немесе ақшалай жүлделер).

Жүлде оқу жылы бойынша ұйым атынан ұйымдастырылған шараларға, жобаларға қатысып ең белсенді болған, ең жоғары ұпай жинаған қатысушылар арасында үлестіріледі. Ай сайын ұпай саны көрсетілген рейтингті телеграмм каналымызда жариялап отырамыз. Бұл әр қатысушыны шығармашылық тұрғыда шыңдап қана қоймай, жеңіске мотивация сыйлайды деп үміттенеміз.

**Байқауға қатысу үшін сұраныс:**

| | |
|---|---|
| **Қатысушының аты-жөні** | |
| **Мектебі/балабақшасы** | |
| **Сыныбы/тобы, жасы** | |
| **Облыс, қала, аудан, ауыл атауы** | |
| **Жетекшісінің аты-жөні** | |
| **Байланыс телефоны** | |
| **Электронды почтасы** | |

**Төлем реквизиттері:**
Компания: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН
БИН: 920820401252
Банк: АО "Kaspi Bank"
КБе: 19
БИК: CASPKZKA
Шот номері: KZ25722S000012018565
Төлем мақсаты: «Қыс ғажайыптары» атты онлайн байқауға қатысу.

***Төлем жасау үшін 87756008891 номеріне жазып, төлем сілтемесін алуға болады.**

Барлық сұрақтар бойынша 87756008891 номері WhatsApp желісі арқылы жауап береді.

**«Жаңа Қазақстан»**
**Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы директоры** **Л. Төребекқызы**